ISSN 2520-2634
eISSN 2520-2650
Индекс 75874; 25874

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия «Педагогические науки»

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Educational Sciences

№2 (59)

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

1-бөлім

ТАРИХ. ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ӘДІСНАМАСЫ

Section 1

HISTORY. METHODOLOGY OF MODERN EDUCATION

Раздел 1

ИСТОРИЯ. МЕТОДОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ҒТАМР 14.29.37

Әлқожаева Н.С.[1], Қойбекова Г.А.[2]

[1]педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru
[2]магистрант, e-mail: arsha77777@mail.ru
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

АУТИЗМ СИНДРОМДЫ БАЛАЛАРМЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ТАРИХЫ

Бұл мақала аутизм синдромды балалармен педагогикалық жұмыс жүйесіне арналған. Мұндай диагноздағы балалар қазіргі кезде көптеп кездесіп жатыр, сол себептен де оны ерте кезден анықтап, педагогикалық-психологиялық жұмыс жасалу керек. Сондықтан да ол үшін арнайы құрылғылар бар, олар өздеріне дұрыс қызмет көрсетуді қажетсінеді.

Тиімді әдістерді қолдану олардың емделуіне кететін уақытты да және кететін қаржыны да үштен бір бөлікке азайтады. Бұл мәселені зерттеуші Конни Вонг тіпті кейбір әдістер тиімді болып көрінгенімен олардың нақты қандай нәтиже беретінін білмейміз, сондықтан да әдіс таңдауда аса жауапты болу керек, – дейді.

Аутизм синдромды балаларға тән қасиеттің бірі – олардың сөйлеу кемістігі, бұл олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі, демек олардың қарым-қатынас жасау барысында ол айқын көрінеді. Яғни оларда қарым-қатынас жасау қызметінің бұзылуы негізгі көрсеткіш болып табылады, болашақта осы тұрғыдан жұмыс жасауы тиіс деп санаймыз. Педагог-психологтармен қатар бұған логопед мамандары аса қажет.

Түйін сөздер: аутизм, аутизм синдромы, педагогикалық әдістер, диагноз, ерекшелік, жіктеу, сенсорлық интеграция және т.б.

Algozhayeva N.[1], Koybekova G.[2]

[1]Candidate of Pedagogical Sciences, Acting professors, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru
[2]master student, e-mail: arsha77777@mail.ru
Al-Farabi Kazakh National Univarsity, Kazakhstan, Almaty

History of Pedagogical Work with Children with Autism Syndrome

The article deals with the peculiarities of working with children with autism syndrome. Today, children with such diagnoses are often met, so we need to identify them earlier. For this purpose we have spetial tools, such children need spetial services.

Effective methods reduce the costs associated with supporting a person with autism by two-thirds. “Some methods may seem to be advanced technologies, but in reality we just do not know their shortcomings and problematic aspects, so we need to choose carefully”, - says researcher Connie Wong.

Among the characteristic signs of early childhood autism, speech disorders , which reflect the main specificity of autism, take a great place, namely, the unformativeness of communication behavior. In children with autism, first of all, the development of the communicative function of speech and communicative behavior as a whole is disrupted. Therefore, speech therapists are needed.

The article discusses the historical aspects of the development of psychological and pedagogical science for working with children with a diagnosis of autism.

Key words: autism, autism syndrome, pedagogical methods, diagnosis, specificity, classification, sensory integration, etc.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Алгожаева Н.С.[1], Қойбекова Г.А.[2]
[1]кандидат педагогических наук, и.о. профессора, e-mail: nalgozhaeva@mail.ru
[2]магистрант, e-mail: arsha77777@mail.ru
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

История педагогической работы с детьми с синдромом аутизма

В статье рассматриваются особенности работы педагога с детьми с синдромом аутизма. В настоящее время увеличилось количество детей с таким диагнозом, поэтому актуально определение диагноза на ранней стадии. Далее очень необходима и важна работа педагога-психолога с такими детьми. Для этого в науке и практике накоплен специальный инструментарий, дети нуждаются в особенных для них услугах.

В действительности эффективные методы уменьшают затраты, связанные с поддержкой человека с аутизмом, на две трети. Исследователь Конни Вонг считает, что некоторые методы могут показаться эффективными технологиями, но в действительности мы просто пока не знаем их недостатков и проблемных аспектов, поэтому необходимо тщательно подбирать методы.

Среди характерных признаков раннего детского аутизма большое место занимают нарушения речи, которые отражают основную специфику аутизма, а именно, несформированность коммуникативного поведения. У детей с аутизмом, прежде всего, нарушено развитие коммуникативной функции речи и коммуникативного поведения в целом. Поэтому здесь и нужны логопеды.

В статье рассмотрены исторические аспекты развития психолого-педагогической науки по работе с детьми с диагнозом аутизм.

Ключевые слова: аутизм, синдром аутизма, педагогические методы, диагноз, специфика, классификация, сенсорная интеграция и др.

Кіріспе

Жалпы алғанда педагог-психологтың қызмет түрі әрқилы. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі, әртүрлі диагноздағы балалармен педагогикалық-психологиялық жұмыс атқарады. Біз мақалада аутизм синдромына шалдыққан балалармен жұмыс жүйесін қарастырдық.

Соңғы кезде қоғамда көрініс беріп жатқан ауру түрі өте көп болып жатыр, соның бірі аутизм. Аутизм (гр. *autos* – өзім) – тұлғаның қоршаған ортадан оқшауланулы, өзімен-өзі болуы, сонымен қатар іштей уайымға түскендегі адамдардың көңіл-күйінің сипатын береді. Бұл ұғымды Э. Блэхер 1912 жылы адамдардың іс-әрекеттерге тәуелділігінің шамалы аффективтік аумағының айрықша түрін айқындау барысындағы және де ішкі эмоциялық кажеттіліктерімен реттелетін сипатын анықтау барысында ендірген.

Зерттеудің мақсаты: аутизм синдромды балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс жасаудың тарихи кезеңдерін ашу.

Зерттеудің әдістері: зерттеуде тарихи-деректік, хронологиялық, салыстырмалы-педагогикалық амал тұрғылар және тарихи талдау әдістері қолданылды: статистикалық мәліметтер, медициналық-биологиялық, психологиялық-педагогикалық.

Аутизмге ұшыраған балалардың көру арқылы есте сақтау қабілеттері жоғары болады, сол себептен мұндай балаларға көбінесе негізінде демонстрация әдісін қолдану ұсынылады. Сондай-ақ, бұл балалар математика, музыка бойынша аса дарынды және де бірнеше тілдерді тез меңгере алады. Көптеген белгілі тұлғалардың жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққаны белгілі, ауруға шалдыққандарымен олардың өз мақсаттарын еш кедергісіз жүзеге асыра алды. Аутизмге шалдыққан балаларға тән қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Яғни сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиеленулері тиіс дейді, ғалым Е.А. Янушко (Янушко, 2004).

Статистикаға сүйенсек дүниежүзі бойынша аутизм ауруымен ауыратын адамдар саны 65 миллионнан асады. Біздің елімізде де аутизм синдромына шалдыққан балалардың саны күрт өсуде (Азанбекова и др., 2016).

Сонымен аутизм синдромы – бала дамуындағы ерте жас кезеңіндегі ауытқушылықтың ауқымды түрі, бұл дерт әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудың болмауын білдіреді. Қазіргі кезде бұл ауырудың пайда болуының нақты себептері толығымен айқындалмаған, дегенмен де көптеген ғалымдар өз зерттеулерінде аутизмнің туындау себебін,

біріншіден, орталық жүйке жүйесінің бұзылуымен байланыстырады, екіншіден, тұқымқуалаушылық фактор және аутист балалардың ми қабатында органикалық зақымдалу да жиі кездеседі екен.

Сонымен: тұқымқуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасының жүктілік кезінде және туу кезіндегі алған жарақаттары, нейро инфекциялар т.б. жағымсыз әсерлер аутизмнің туындау себептері ретінде айқындалып отыр.

Дүниежүзі бойынша аутизм өзіндік белгілеріне байланысты: – F84.0. – бұл бала аутизмі (аутистік бұзылыстар, бала аутизмі, бала психозы, Каннер синдромы); F84.1. – бұл А типтік аутизм (атиптік бала психозы, аутизм белгілері бар ақыл-ой дамуының кешеуілденуі енеді); F84.2. – Ретта синдромы – бұл негізінен қыз балаларда тұқымқуалаушылықпен берілетін психоневрологиялық дерт; F84.3. – ерте бала жастағы басқа да дезинтегративтік бұзылыстар (бала деменциясы, дезинтеграциялық психоз, Геллер синдромы, симбиотикалық психоз); F84.4. – ақыл-ой дамуының кешеуілденуімен және стереотиптік қимылдармен үйлескен гипербелсенді бұзылыс; F84.5. – аспергер синдромы (аутистік психоапатия, бала жастағы шизоидтік бұзылыстары); F84.8. – дамудың басқа да бұзылыстары болып жіктеледі (Мамйчук, 2007).

Тарихи шолу

Алғаш рет 1960-1970 жылдарда ғана АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде аутизм синдромы бар балаларға арналған арнайы көмек көрсету орындары ашылып, кеңес беру жүзеге асырыла бастады. Оған дейін 1920 жылы Еуропада Дания қаласында аутизмі бар балаларға арналған алғашқы мектеп ашылып, оқытылған. Мұндай орындар аутизмге шалдыққан балаларды ерекшеліктеріне сай оқытып, тәрбиелеп, дамыту жұмыстары жүргізілген.

Аутизм синдромды балалардың әлеуметтік тұрғыдан жетілдірілуі көп жағдайда, оның отбасының әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдауына тікелей байланысты. Демек, балаға қатысты мәселелерді дер кезінде анықтап, оған дәрігерлер, психологтар, педагог-дефектологтар, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік педагогтар т.б. тарапынан көрсетілетін көмектер және қолдауды ертежастан қажет болған уақытта көрсету және ата-аналардың қолдауы, келісімі, әртүрлі жаттығуларды үйден қайталауы негізінде ғана нәтижелі әрекетке ие болады. Аутист балалар өздерінің мүмкіндіктеріне және мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне сай, жалпы білім беру бағдарламаларымен бірге арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдарының бағдарламалары бойынша оқытылып, тәрбиеленеді, бірақта медициналық көмек көрсетіліп, емдеу процедуралары бірге жүруі тиіс.

Қазіргі кезде мұндай балаларды ауру немесе ауыратындардың қатарына жатқызбай, оның дамуы мен білім алуында белгілі бір жайлы жағдай мен әдіс-тәсілді қажет ететін «өзгеше бала» деп санау қабылданған.

Германия, АҚШ, Жапония, Швеция елдерінің психиатр мамандарының пікірінше 10000 баланың 4-тен 26-ға дейінгі жиілікте жас балалардың аутизм синдромына шалдығатыны анықталды. Осы және басқа да елдердің мамандарының ізденісімен бұл балаларды оқыту ТЕЕСН, Монтессори, Вальдорф, Т. Питерс және т.б. бағдарламаларына сай түзетушілік-педагогикалық әдістер негізінде жұмыс жасайды.

Аутизм синдромды балалардың клиникалық сипаты олардың барлық нәрседен оқшау қалулары, қарым-қатынасқа түсе алмаулары, басқа адамдарды және заттарды байқамауы, еліктеу сезімдерінің болмауы, комфорт және дискомфортқа катынастары және де бірқалыпты (тұйық) мінез-құлықтарымен ерекшеленеді (Kanner, 1943)[4]. Өзіміз көріп отырғандай мұндай балалар медициналық тұрғыдан ауыру болып есептелгенімен негізінен өзіндік ерекшеліктері бар балалар болып табылады. Сондықтан да олармен жұмыс жасаудың өзі аса кәсібилікті және жауапкершілікті қажет етеді, олай болмаған жағдайда олар шын мәніндегі ауыр науқас иесіне айналады. Демек, олармен жұмыс жасаудың өзіндік амал-тәсілдерінің ерекшеліктері бар.

Бұл мәселені қарастырып жүрген ғалымдардың пікірінше төмендегідей бірнеше әдістер қолданылуы керек (негізінен 27 әдісті ұсынған біз соның біршамасына тоқталамыз):

– антецедентік негіздегі бақылаудың болуы. Антецедент ұғымы – мінез-құлықтың қолданбалы талдамы (АВА), яғни ол өз кезегінде іс-әрекетті ынталандыруға ықпал етеді;

– когнитивті-іс-әрекеттің қатысуы (когнитивтік-іс-әрекеттік (поведенческая) психотерапия). Яғни, бақылаудың ережеге сай жүруі, яғни әрекеттегі өзгерістерді көру.

– дифференциалды ынталандыру, дұрыс емес іс-әрекеттерді түзету, оны жағымды, қажетті әрекетке айналдыру. Ынталандыру: а) бала іс-әрекетті дұрыс жасағанда; б) бала мүлдем

жат әрекеттен тыс жағымды әрекет жасағанда; в) тіпті бала ешқандай жаман, жақсы іс-әрекет жасамағанда да;

– баланы дискреттік жағдайда (дискретных ситуациях) оқыту әдісін қолдану. Бір жаттықтырушы/маман және бір оқушы/клиент арасындағы нақты бір дағдыны немесе қасиетті үйретуді қолдану;

– физикалық салмақты ауқымды жасау арқылы мәселе тудыратын әрекеттерді төмендету;

– функционалды коммуникация тренингі. Бұл алдыңғы әдістерді таңдау негізінде кешенді қолдану арқылы олардың қарым-қатынасын реттеуге бағытталады;

– үлгілеу (моделирование), бұл дұрыс іс-әрекетті демонстрациялау, яғни олардың іс-әрекетін имитациялау арқылы дұрыстығына көз жеткізу;

– табиғи заңдылықтың орын алуы, жағдаятты негізге ала отырып, баланы күн тәртібіне үйрету, баланың қызығушылығын арттыру соған сай марапаттау жұмысы;

– балаға ата-аналармен бірлесе отырып ықпал ету, яғни ата-аналар балаларының ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеуге жеке ықпал етеді, бірақ олардың үйде және қоғамдық ортада жасайтын әрекетіне сай қимыл жасауларына байланысты бағдарлама негізінде іс-әрекет жасайды;

– олардың құрдастары арқылы ықпал ету, қалыптағы бала өзімен жасты балалардың әрекетін жақсы біледі және соған сай аутис балаларға үлгі бола алады, бірақ қалыпты балалардың аутист балалармен жұмыс қарым-қатынаста болуын арнайы мамандар қадағалап, бағыт-бағдар беріп отырулары қажет;

– кілттік реакция тренингі, мұнда арнайы белгілер, сигналдарға баланың реакциясын бақылау және оны қажет болған жағдайда реттеу;

– ым-ишара, сыбырлау, көрсету арқылы ойды жеткізу (подсказки). Вербалды, ым-ишара, дене қозғалыстары арқылы үлкендердің немесе құрдастарының дұрыс іс-әрекет жасауларына көмек көрсету арқылы дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады;

– арнайы сценарий құрастыру, яғни, дұрыс әрекеттерді вербалды, жазбаша сипаттау және оны баланың дағдысы қалыптасқанша қайта-қайта жаттықтыру;

– өз әрекетін басқаруға үйрету, мұнда баланы жасау керек және жасауға болмайтын әрекеттерді ажыратуға үйрету. Өзінің жасаған нәрселерін қағаз бетіне түсіріп, дұрыс және дұрыс емес жасаған іс-әрекеттерін айқындауға дағдыландыру және әрбір дұрыс жасаған әрекеттеріне сай марапат көрсету;

– әлеуметтік тәжірибе/оқиға, мұнда әлеуметтік оқиғаны сипаттап, ондағы дұрыс, дұрыс емес әрекеттерді талдау. Әлеуметтік оқиғалар қысқа болып кездеседі, сондықтан бұл балаларға тиімді және талдау барысында суреттер, сөздер арқылы көмек көрсету;

– әлеуметтік дағдылар тренингін жүргізу. Бұл жеке немесе топпен де жүргізіледі. Мұнда олардың көңіл-күйлерімен жұмыс жасалады. Яғни, адамдармен танысу, бір-бірімен әлеуметтік дағдылар бойынша пікір алмасуға дағдыландыру (Wing, 1992) [5]. Міне, өзіміз байқағандай аутизм синдромы бар балалардың әрбір іс-әрекеті реттеліп, түзетіліп отыруы және соған сай ынталандырылып, марапатталып отыруы тиіс екен. Біздің ойымызша, тіпті қалыпты адамдардың жақсы істері ынталандырылып отырса, болашақта оның іс-әрекетінен жетістік көре аламыз.

Нәтижелер және талдау

Аутизм синдромы бар балаларды оқыту және тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдану маңызды, өйткені оларда оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті қалыптасып, дамиды. Оларға ақпаратты жайдан, күрделіге қарай ұстанымына сай беру де маңызды және де ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау қандай іс-әрекет болсын оны әсерлі етіп көрсетеді. Өз кезегінде бұл арнайы оқытуға да ықпал етеді. Көпшілік жағдайда арт терапияны қолдану тиімді ықпал етеді. Қазіргі кездегі заманауи құралдар, диагностикалық әдістер және технологияларды қолдану баланың, соның ішінде аутист баланың қызығушылығын оятады. Бұл технологиялар аутис балаға сол кездегі өзінің функциясын анықтап, сол кезде пайда болатын объективті қиындықтарды анықтап, оларды қолжетімді тәсілмен жеңуге көмектеседі.

Сонымен қатар мұндай балалардың ерекшелігіне қарай физикалық және сөйлеу терапияларын да қолданған тиімді. Баланың оқшау қалуы, оның мақсатсыз жоғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапия әдісінің де (арнайы үйретілген иттер, аттар және дельфиндер) ықпалы зор. Бұл терапияны қолдану барысында мысалы дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті, солардың әсерінен баладан бақыт гормондары бөлінеді және гармондар

ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады (Саенко, 2006) [6].

Демек, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген, тәжірибеде тексерілген түрлі технологияларды қолдану – баланың сауығуына жан-жақты мүмкіндік береді және ең алдымен баламен қарым-қатынас орнату жеңілдейді, қызығушылықтары артып өмірге құлшынысы артады. Түзету-оқыту процесінде әртүрлі технологияларды қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендендіреді, ауытқушылықтарды жеңуге оның алдын алуға мүмкіндіктер туғызады. Осы компенсаторлы мүмкіндіктер негізінде өзіндік ерекшелігі бар балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады.

Бұл мәселеге ғалым Е. Блейлер «шынайылықты жоққа шығару, тәжірибеден алшақтау» (Блейлер, 1920) [7] деп қарастырса, кейінірек В.П. Осипов аутизмді «аурулардың сыртқы әлеммен бөлу» (Осипов, 1931) [8] деген болса В.А. Гиляровский «өзіндік «Меннің» санадағы бұзылысы мен қоршаған ортаға қатынасының бұзылысы» (Гиляровский, 1954) [9] деп қарастырған.

Аутизм диагнозы бар балалардың сөйлеуін, қарым-қатынасын, психикалық процестерін «Ойын технологиясы» арқылы да емдеуге болады, мұнда негізінен ойын элементтерін қолдану арқылы дұрыс дағдыларды қалыптастыру көзделеді. Ауқымды оқыту әдістемесі бойынша аутизмі бар балалардың есте сақтау қабілеттері дамытылады. Ал, сенсорлы интеграциялау әдісі негізінде аутизмі бар балалардың қоршаған ортамен байланысы қалыптастырылады. Келесі, ақпараттық технологияны қолдану әдісінде «Дэльфа – 142,1» тренажеры қолданылады, мұнда аутизм синдромы бар баланың сөйлеу тілін жаттықтырады. Аутис бала өзіндік әлемі бар, қоршаған ортаға өзіндік көзқараспен қарайтын бала, сондықтан да оларды оқыту, тәрбиелеу мәселесі ерекше мәнге ие деп қарастырады бір топ зерттеушілер (Никольская, 2016) [10].

Сонымен, аутист балаларды анықтаудың кезеңдері бойынша оларды анықтау мен жұмыс жасаушыларға тоқталар болсақ, ол төмендегі кестеден анық байқалады (кесте).

Кесте – Аутист балаларды анықтаудың кезеңдері бойынша оларды анықтау мен жұмыс жасаушы**лар**

№№	Жас ерекшеліктері	Сатылары	Жұмыс жасаушылар
1	- жаңа туған бала-1-2 ай; – нәрестелік шақ 1 айдан- 1 жасқа дейін; - ерте сәбилік шақ 1-3 жас; - мектепке дейінгі балалық шақ 4-7 жас	Алғашқы саты	-отбасылық дәрігер (гинеколог, акушер, педиатр картасына жазылған анықтамаларды талдау); - ата-анасының айтуы бойынша; - балабақшадағы бақылау
2	- бастауыш мектеп 7-10 жас; - жеткіншек жас 10-15 жас;	Негізгі саты	- сынып жетекшісі; -пән мұғалімдері; - мектеп психологі; -әлеуметтік педагог - ата-ана т.б.
3	- жасөспірімдік шақ 14-17 жас; - мектептен кейінгі 3-5 жыл	Соңғы саты	-невропотолог; - әлеуметтік жұмыскерлер; - құқық қорғау қызметкерлері; - ата-ана.

Өзіміз көріп отырғандай, барлық жерде ата-ана, бірақ ата-ана жалғыз көмек көрсете алмайды, жоғарыда көрсетілген мамандардың көмегі, қолдауы қажет.

Қорытынды

Аутизм синдромды балаларды оқыту алдымен оларды сөйлеуге үйретуден басталады, яғни сөйлеу тілін қалыптастыру мақсатында және психикалық процестерді дамытуда заманауи әдістерді, технологияларды дұрыс қолдану процесінде сандық және сапалық өзгерістердің болатынын зерттеушілер атап өткен мысалы: аутист балалардың психикалық функциялары дамытылған, қызығушылықтары жетілдірілген, қарым-қатынас жасау көзделуі тиіс. Демек, қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жаңа инновациялық технологияларды қолдану аутист балалардың дамуына ауқымды

ықпал етеді. Бірақ, инновациялық әдістердің өзі баланың жекелік ерекшелігін, жас ерекшелігін ескере отырып таңдалуы тиіс, кез келген әдіс тиімді нәтиже көрсетпейді. Бақылау барысында нақты ерекшеліктер айқындалып, тек содан кейін жұмыс түрі, әдістеме немесе технология таңдалынып алынуы керек, сонымен қатар мұндай аутист балалармен жұмыс жасауға арнайы құқығы бар мамандар айналысуы тиіс деп ойлаймыз.

Баламен жұмыс жасаудан бұрын оның ата-анасымен жұмыс жасау маңызды.

Әдебиеттер

1 Янушко Е.А. Игры с аутичным ребенком. Установление контакта, способы взаимодействия, развитие речи, психотерапия. – М.: Теревинф, 2004.

2 Азанбекова Г.Т., Асылова Р.О. Аутизмі бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2016. – No 4(84). – Б. 56-62.

3 Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. – СПб.: Речь, 2007. – 288 с. – ISBN 5-9268-0633-X.

4 Kanner, L. Autistic disturbances of affective contact. Nervous Child 2, 1943. P.217-250.

5 Wing, L. “Manifestations of Social Problems in High Functioning Autistic People», in Schopler, E. & Mesibov, G. (eds.), High Functioning Individuals with Autism. – New York: Plenum Press, 1992.

6 Саенко Ю.В. Специальная психология: учебное пособие. – М.: Академический проект, 2006. – 182 с. – («Gaudeamus»).

7 Блейлер Э. (Bleuler E.) Руководство по психиатрии / Э. Блейлер: пер. с нем. – СПб., 1920. – 538 с.

8 Осипов В.П. Руководство по психиатрии. – М.-Л., 1931. – 596 с.

9 Гиляровский В.А. Психиатрия / В.А. Гиляровский. – 4-е изд. – М.: Медгиз, 1954. – 520 с.

10 Никольская О., Либлинг М., Баенская Е. Аутичный ребенок. – М., 2016. – 288 с.

References

1 Yanushko E. (2004) Ygry s autizhnym rebenkom. Ustanovlenye kontakta, sposoby vzhaymodeystvia, razvitie reshy, gsihoterapya [Games with autistic children. Establishment of the contact, coping methods, development of speech, and hypocritis]. Moscow, Terevinv, 322. (In Russian).

2 Asanbekova G., Asylova R.O. (2016) Autyzmy bar balalardy okytuda keshendy adisterdy koldanu [Use of cognitive skills in the learning of autism]. Karagandy unyversitetynin habarshysy. «Pedagogika» seryasi. [Messenger of Karagandy University. Pedagogy serias (the Republic of Kazakhstan). 4(84), 56-62 (In Kazakh).

3 Mamayshuk Y. (2007). Pomosh psyhologa detyam s autyzmom [The help of the psychologist to children with autism]. St. Petersburg, Rech, 288. (In Russian).

4 Kanner, L. (1943). Autistic disturbances of affective contact. Nervous Child 2, 217–250.

5 Wing, L. (1992). Manifestations of Social Problems in High Functioning Autistic People, in Schopler, E. & Mesibov, G. (eds.), High Functioning Individuals with Autism. New York, Plenum Press.

6 Sayenko, Y. (2006). Specyalnaya psihologia [Specialty Psychology]. Moscow, Akademyshesky proekt, 182. (In Russian).

7 Bleuler, E. (1920) Rukovodstvo po psyhotriy / perevod s nemeskogo E. Bleuler 538 p. (In Russian).

8 Osypov, V. (1931) Pukovodctvo po pcikhiatpii [Guidelines for psychiatry]. Moscow-Leningrad: Gos.yzd-vo, 596. (In Russian).

9 Gylyarovsriy, V. (1954). Pcikhiatpi [Psychiatry]. Moscow, Medgyz, 520.

10 Nykolskaya, O., Libling, M. & Baenskaya, M. (2016). Autichnyy pebenok [Autistic Child], 288. (In Russian).